

М. Елеуов  
С. Апашева



# ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҮТІРТӨБЕ ҚАЛАСЫ

Алматы 2016



ӨЖ 902/904 (035.3)  
ББК 63.4  
Е 81

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
тарих, археология және этнология факультетінің  
Ғылыми кеңесі ұсынаған*

**Пікір жазғандар:**

тарих ғылымдарының докторы **Ә.Т. Төлеубаев**  
тарих ғылымдарының кандидаты **Д.Ә. Талеев**

**Елеуов М. Апашева С.**

Е 81 Ортағасырлық Үтіртөбе қаласы: монография / М. Елеуов,  
С. Апашева. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 108 б.

**ISBN 978-601-04-1894-3**

Монографияда Шардара су қоймасы шайып, бұзылып жатқан ортағасырлық Үтіртөбе қаласының зерттелу тарихы қарастырылған. Жұмыс археологтарға, жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына, докторанттарына, өлкетанушыларға арналған.

ӨЖ 902/904(035.3)  
ББК 63.4

ISBN 978-601-04-1894-3

© Елеуов М., Апашева С., 2016  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016



## АЛҒЫ СӨЗ

Сырдария өзенінің орта ағысындағы ортағасырлық Үтіртөбе, Күлтөбе, Раздылаға және төменгі ағысындағы Сортебе 1, Сортебе 2 қалалары өзен шайып, бұзылып жатқан апатты жағдайдағы ескерткіштер.

Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтарал ауданында Сырдарияның сол жағасындағы жазықта (төменгі террасада) орналасқан ортағасырлық Үтіртөбе қаласы Шардара суқоймасы салынғалы бергі жарты ғасыр бойы қара күзден тамызға дейін (жылына 9-10 ай) су шайып, бұзылуда. Кезінде 60 га жерді алып жатқан осы өңірдегі үлкен қалалардың бірі болған Үтіртөбенің талай ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-топографиялық құрылымы бүтінгі күнде қатты өзгерген, жыл өткен сайын олардың көлемі кішірейіп, судың бетіндегі бөліктері бұзылып, шөгіп жатыр.

1970-1971 және 1974 жылдарда Үтіртөбені Өзбек КСР ҒА Археология институтының Шаш-Илак археологиялық тобы зерттеген. Өкініштісі сол, жүргізілген қазба жұмыстарының ғылыми есептері институттың архивінде жоқ, атқарылған жұмыстардың қысқаша нәтижелері зерттеушілердің жекелеген макалаларында ғана жарияланған, ал қазбадан табылған археологиялық заттардың қайда өткізілгені немесе кімнің қолында екені жөнінде ешқандай мәлімет жоқ.